

Құдіретті кітап...

Сіз адамды тұңғыққа батыратын, биікке алып шығатын, өмірге көзқарасын қалыптастыратын, өшкен үмітті қайта жалғайтын, адамды армандарына асықтыратын, тұлғаны рухани толықтыратын бір құдірет бар екенін білесіз бе? Ол - құдіретті кітап. Адам өмір бойы өзіне керек он кітапты табу үшін, мың, тіпті одан да көп кітап оқуы керек деседі. Қолымдағы соңғы ақшама ұнаған кітап алып тастайтындардың ішінде мен де бармын. Мен бүгін менің кітап атаулымен қалай достасқаным туралы айтқым келеді. Мен де бар бала секілді ауылда өстім. Қазақи ортада маңдайымды күн, табанымды тас тесіп, елпең қағып ойнаған тәтті балалығы бар ұл-қыздардың бірі болдым.

Біз қазіргі кездегі балалардың ермегі болған дүбәра технологиялардың тұтқыны болмай, далада еркін ойнап, ой-санамыз дерлік тәуелсіз болып күн кештік. Ес білгелі тыңдағаным әкемнің ертегілері, оқып, көргенім - кітап болды. Көңіл терезесін бір сүртіп, арда шақты ойға алсам, кеш батысымен, үй-ішіміз болып бар ықылас-зейінімізді кітапқа аударатын едік. Оқушы шағымда мектеп кітапханасының, оны місе тұтпасам, ауыл кітапханасының табалдырығын тоздыратынмын. Ойлап отырсам, кітаптан өзге алаңым болмапты. Сөйтіп жүргенде, кітап менің жан жолдасыма, кітапхана ыстық мекеніме айналып үлгерді. Бұл әдет менің өмірімді әдебиет әлемімен байланыстыруға сеп болды. 11 жылдық ауыл мектебінен жас түлек болып қанат қағып, мен де қалаға арман арқалап келдім. Қалада жат ортаны жатсынып жүргенде облысымыздың кітапханасынан сая тапқандай болдым.

Ертіс бойында орналасқан С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхана менің қаладағы ең сүйікті мекеніме айналды. Студенттік өмірімнің ажырамас бөлшегіне айналған кітапханаға биыл 125 жыл толып жатыр. Тамыры терең, тарихы асқақ, рухани байлыққа толы кітапханамыздың әр бұрышы мен үшін ыстық. Өйткені, қолым қалт ете қалғанда барып кітап оқитын едім. Білім жолында жүрген студент оқырманы ретінде оқу орынымнан берілген бар тапсырманы сол жерде отырып орындайтынмын.

Оқырман қауымы үшін бар жағдай жасалған кітапханамыздың кітап қоры мол. Кітап іздеп, таппай қалған күнім болмапты. Жалпы, бір ғана емес, бар кітапхана мен үшін киелі шаңырақ болып табылады. Басқа қалаларға бара қалсам да, ең әуелі кітапханасын көргім келіп тұрады. Кітапхана - мәдениет ордасы. Ол оқушылар мен жастарды, жалпы оқырман қауымын кітап оқуға шақыратын көпір іспеттес.

Адам бойында көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын рухани байлықты қалыптастыратын жер де - кітапхана. Абай айтқандай, «толық адам» болып қалыптасу үшін ең әуелі кітап оқып, кітапхананың тұрақты оқырманы болуы керек деп білемін. Өйткені, «Адамды адам еткен - кітап, адамзат еткен - кітапхана», - деп Әбіш Кекілбаев айтқандай, кітапхананың пенде өмірінен алар орыны зор. Осы орайда, ойымды аяқтай келе еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың мына бір ойымен бөліскім келеді: «Білім — кітапта. Қазіргі таңда балалардың көбісі компьютерде отырады. Сондықтан, болашақта кітап оқығандар компьютерде отырғандарды басқаратын болады», - дейді, - Елбасы. Сондықтан да барлық замандастарымды кітапхана төрінен табылуға, кітап оқып, рухани тұрғыда бай болуға шақырамын.